

Чи Шаубиң, С.Ысқақұлы

*Іле педагогикалық университеті, Қытай
(E-mail: 554323028@qq.com)*

Қытайдағы таяу заман қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен даму үрдісі

XIX ғ. – XX ғ. алғашқы жартысындағы әдебиет мысалында

Мақалада Қытайдағы қазіргі заман қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен даму барысы жалпы қытай халқының сол тұстағы саяси-әлеуметтік жағдайымен, мәдени тірлігімен бірлестіре отырып қарастырылады. Қазіргі заман қазақ әдебиетінің қалыптасып, даму жолында қалам тартқан ақындардың кемелденіп, рухани жетілуіне халықтық бай фольклор, шығыс әдебиеті, Абай мұрасы сынды үш үлкен мектептің тірек болғаны, сонымен бірге таяу заманғы қазақ әдебиетінің тарихы айтыс өнерімен де тығыз байланыста болып, айтыскерлік бұл дәуірде таңдаулы дәстүр болып қалыптасқаны, арнау өлең жасампаздығы да сол заман ақындарында тағы бір түрлі әдеби ауқымға айналғаны айқындалды. Бұл дәуірдегі ақындардың бірімен-бірі ілесе, қатарласа шығып, бір бағытта, бір мақсатта қалам тартып, әдеби орта қалыптастырғаны, әдебиеттің тақырып өрісі кеңейіп, мазмұн-мәнері жаңаланғаны пайымдалды. Түр, жанр, формасы жөнінен алғанда XIX ғасырдан XX ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі қытай қазақ әдебиеті өзгеше өзіндік өңірлік ерекшелігімен көзге түсетіні тұжырымдалды.

Кілт сөздер: Қытайдағы қазақ әдебиеті, таяу заман әдебиеті, Абай мұрасы, ақындық өнер, әдебиет теориясы, түр және мазмұн.

Қытай қазақтары рухани әлемінің барысын сөз еткенде, біз, жалпы, қытай халқының сол тұстағы әлеуметтік-саяси, мәдени тірлігіне соқпай өте алмаймыз. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдағы Қытай қоғамы, мәдени барыстары жөнінде бірер сөз айтылып, оның сипаты айшықталмайынша, сол өлкедегі қазақтардың әлеуметтік, мәдени, әдеби тірлігін безбендеу мүмкін емес.

Қытайда феодалдық қоғам Чиң патшалығының (1644–1911) соңын ала күйреуге бет алды. Әлеуметтік дағдарыс күн сайын күшейіп, ішкі қайшылықтар барған сайын ушығып, хандық барынша іріп-шіріді. 1840 жылдардан бастап өзге капиталистік елдердің ықпалымен қытай қоғамында түбірлі өзгерістер туыла бастады. Әлемдегі алпауыт империалистік мемлекеттердің Қытайға анталай шабуылдауы Қытайдағы феодалдық қоғамның ыдырауын тездетті, капитализмнің өркенін жая бастады. Осылайша феодалдық қытай қоғамы жартылай феодалдық қоғамға айналды. Тағы бір жағынан, бұл елдер Қытайды өз қалауынша емін-еркін билеп-төстегендіктен, тәуелсіз мемлекетті жартылай отар елге айналдырды. Міне, содан бастап империализм мен қытай халқы, феодализм мен халық бұқарасы арасындағы қайшылық — таяу заманғы қытай тарихы дамуындағы негізгі қайшылыққа айналды. Қытай халқы халық ретінде құрып кетуден сақтану үшін Тайпинтиангодан (1851) Шаңхай төңкерісіне дейін (1911) төңкерістік күресті толассыз жалғастырып отырды. Сондай-ақ Қытайдың көкірек көзі ояу, алға басар ұл-қыздары саны мол, салмағы батпан қорлық пен зорлықтарға төзе жүріп, батыс елдерінің ғылым-мәдениетінен ақиқат іздеді. Осылайша батыстағы өркендеген әдебиет — көркемөнердің сан түрлі ағымы Қытайға ағылып кіре бастады.

Әдебиет қоғамдық идеологияның және жалпы мәдениеттің құрамдас саласы ретінде сол дәуірдегі қытай қоғамының өзгерістерін бейнелеуге, сонымен бірге өзі де аталған бетбұрыстарға үйлесуге, сәйкесуге міндетті еді. Сөйтіп, аталған тарихи кезеңде феодалдық әдебиетпен қатар, отаршылыққа қарсы тұруды, феодалдық бұғаудан құтылуды негізгі мазмұн еткен алға басар әдебиет те дүниеге келді. Сонымен бір уақытта феодалдық қоғам тұсындағы ескі әдебиетті жаңалау науқаны да қоса жүріп жатты [1; 121].

Міне, осындай жағдайда таяу заманғы Қытайдың алға басар әдебиеті сол кездегі саяси күрес үшін ғана қызмет атқарып қалмастан, белгілі деңгейде империализмге, феодализмге қарсы ұран көтерді. Сонымен бірге Қытайдың көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары туған елін ояту мақсатымен батыс әдебиетінің, әсіресе орыс әдебиетінің көрнекті өкілдерін туған тілдеріне мольна аударды. Гегель, Тагор, Петефи, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Гоголь, Чехов, тағы басқалардың шығармаларының қытай тіліне аударылуы, сол кездегі хат танитын қауымның сана-сезімінің оянуына игі әсер еткені белгілі. Ал аталған әлемдік классиктердің және Қазақстаннан барған қазақша, орысша

нұсқалары және ішкі өлкеден келген ханзуша нұсқалары Шыңжаң халықтарының да көкірек көзін ашып, таным-талғамын өсіре түсті. Сондай-ақ 1930–1940 жылдарда Қытай әдебиетінің көрнекті өкілдері Лу Шүн, Го Моро, Мау Дүн, Әй Чин, тағы басқа ақын-жазушыларының шығармалары да Шыңжаңда біртіндеп аударыла бастаған болатын. Сондықтан қытай әдебиетіндегі әр кезеңнің бедері Қытайдағы қазақ әдебиетіне өз ізін қалдырып отырды. Жалпы 1920 жылдардан басталған Қытай мәдениетінің ояну қозғалысы 1930–1940 жылдарда биік белеске көтерілді десек, тура осындай ояну құбылысы ұқсас мезгілде қытай қазақтарында қайталанып отырды. Сол мезгілде Шыңжаң қазақтары арасынан шыққан Ақыт Қажы Үлімжыұлы, Әсет Найманбайұлы, Танжарық Жолдыұлы, Жүсіпбекқожа Шайхысыламұлы, Көдек Маралбайұлы, Асылқан Мыңжасарұлы, Шілбі Көмекұлы, Шарғын Алғазыұлы, Нұртаза Шалғынбайұлы, Дубек Шалғынбайұлы, Әріпжан Жанұзақұлы, Арғынбек Апашпайұлы, Отарбай Дүйсенбіұлы, Асқар Татанайұлы, тағы басқа ақындардың мәдени оянушылық рөлі ерекше болғанын байқауға болады. Қалай болғанда да бұларсыз XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қытай қазақтары әдебиетінің жай-күйін сөз ету мүмкін емес. Аталған ақындардың бірі діни ғұлама, бірі әнші-сазгер, бірі айтыс ақыны, енді біреуі аудармашы болғандықтан, сол тұстағы сауаттылық деңгейі әр қилы қазақты жан-жағынан қаумалап оянбасына қоймады. Тағы бір ескерте кетерлік жағдай, қытай қазақтарын оятушылар тек жоғарыдағы ақындармен ғана шектелмейді. Олардың жан-жағында, маңайында қолынан қаламы түспей өткен үлкенді-кішілі ақын-жазушылар аз болған жоқ [1; 129, 130].

XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың алғашқы жарымына дейін Қытайдағы қазақ жұртының саяси-әлеуметтік өмірінде ғана емес, мәдениеті мен әдебиетінде де өзіндік өзгерістер туылды. Мұның өзі заман ауқымының және ел іші-сыртындағы ғылым мен мәдениеттің дамуындағы табиғи беталыс еді. Мәдениет шебіндегі мұндай өзгерістің басты бір белгісі оқу-ағартудың дамуынан байқалады. Қытайдағы қазақ сахарасында XX ғасырдың бас шеніне дейін негізінен ескіше мектеп, медреселер ғана болған, онда көбінесе діни оқу оқытылатын, оның үстіне тұрақты емес еді. 1922 жылы Үрімжі қаласында тұңғыш рет өлкелік мұңғұл-қазақ мектебі ашылды. Бұл мектепте қытай тіл-әдебиеті және қазақша-орысша тіл сабағы өтілді. 1935 жылы құрылған Шыңжаң институтында бірталай қазақ балалары оқыды. 1934 жылдан бастап қазақ арасына жаңаша мектептер ашыла бастады және бірнеше жыл ішінде Іледе — 38, Тарбағатайда — 15, Алтайда 16 мектеп құрылып, оқушы саны 6200-ге жеткен. Бұл мектептерде сол кезде Қазақстаннан шыққан жаңаша оқулықтар болған. XX ғасырдың бас шеніне дейін Қытайдағы қазақ ішінде ескіше оқыған санаулы ғана зиялы болған болса, бұл тұста әсіресе 1930–1940 жылдарда бастауыш, орта мектептер мен арнаулы курстарды тауысқандардың саны едәуір молықты.

XIX ғасырдың аяқ шенінен бастап Қытайдағы кейбір қазақ әдебиетшілерінің кітаптары Қазан қаласындағы баспалардан шыға бастады. Ол кезде Шыңжаңда қазақ тілінде баспа сөз қалыптаса қоймаған еді. Тек 1930 жылдардан бастап қазақ тілінде газет-журнал жарық көрді. Қазақ тілінде «Шыңжаң газеті», «Іле газеті», «Ерікті Алтай», «Тарбағатай газеті» шыға бастады. Үш аймақ төңкерісінің ықпалымен 1940–1945 жылдар аралығында «Күрес», «Білім арнасы», «Таң шолпаны», «Бірлік», «Одақ» атты журналдар және «Әдебиет арнасы» атты альманах жарыққа шықты. Тарбағатайда «Жаңа Шыңжаң», Алтайда «Жаңа Алтай» журналы шықты.

XX ғасырдың бас шенінен бастап мәдениет, ғылым, әдебиет саласында және әкімшілік, басшылық саласында бір шоғыр қазақ зиялылары ел көзіне түсіп жетіле бастады. Олардың қажыр-қайраты арқасында XX ғасырдың алғашқы жартысындағы ханзу және әлем әдебиетінің озық үлгілері сауатты қауымға дерлік жеткізіліп отырды.

1930 жылдардан бастап Шыңжаңға, әсіресе қазақ аудандарына мәдениет жағында Кеңес Одағы игі ықпал жасады. Олардан түрліше газет-журнал, кітаптар таралды. Шетел қазақ әдебиеті және олар аударған шығармалар орыс әдебиеті мен еуропа әдебиетінің үздік үлгілері де Шыңжаң қазақтары арасына тарала бастады.

Қытай таяу заман қазақ әдебиеті орта ғасырдан жалғасқан халық ауыз екі әдебиетінің жасампаздық дәстүріне мұрагерлік етті. Бұл тұста ел арасында ескіден келе жатқан мифтер, аңыз-ертегілер, ерлік эпостар мен халық дастандары, шешендік сөздер мен мақал-мәтелдер, өлең-жырлар мол сақталды. XVIII ғасырдағы «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына байланысты туындаған аңыз-жырлар кең таралған. Сонымен бірге осы дәуірдің өзінде, дәлірек айтқанда XIX ғасырдан XX ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі дәуірде, жергілікті түс алған қыруар аңыз-әңгіме, өлең-жыр, қисса-дастан, шешендік сөз, айтыс өлеңдері барлыққа келіп ауыз әдебиетінің қорын байытты; жазба әдебиет өрістеп халық ауыз әдебиетімен жарыса өмір сүрді. Сондай-ақ қазақ хандықтары дәуіріндегі қалыптасып, өрістеген зор әлеуметтік және қолданылмалы рөл атқарған жыраулар жасампаздығының

стилі, сарыны осы дәуірге дейін созылғанды, яғни бұл дәуірде ертедегі жыраулар жырының көбінесе белгілі әлеуметтік қимылға тікелей қызмет етуінің жаңаланып, поэзия жасампаздығы арнаулы көркемөнер түрі ретінде даралана бастады [2].

Еліміз таяу заман қазақ поэзиясының тамырын тереңге тартып, кемелденуінің тағы бір қайнары — шығыс әдебиетінің игі ықпалы, яғни шығыстық үлгідегі классикалық шығармалардың өнегесі деуге болады.

Шығыс елдерінің әдебиеті тым ертеде дамығандықтан, Орта Азия халықтарының әдебиетіне орасан зор ықпал жасайды. Әрбір жақтан үлгі-өнеге көрсетеді. Шығыс әдебиетінің биігіне қазақ әдебиеті де, ертеден-ақ құлаш ұрады. Қазақтың озық ойлы әдебиетшілері шығыс әдебиетіндегі оптимистік, адамгершілік идеялардан, көркемдік тәсілдерден, оқиға желісін құрастыру шеберлігінен, өлең құрылысын жасау өлшемдерінен үйренеді. Олар шығыстың таңдаулы әдебиет үлгілерінен нәр алып оны қазақ сахарасына, өзінің туған топырағына бейімдеп жырлады. XIX ғасырдың соңғы жартысы мен XX ғасырдың алғашқы жартысында еліміз қазақ әдебиетінде назиралық дәстүр кең дамыды, қиссагерлік өркендеп өсті.

Қазақ әдебиетіне Абай сіңірген бұл назиралық үлгіні Қытай таяу заман қазақ ақындары да жаппай қолданып, қыруар қиссаларды жаратып, елімізді қазақ жазба әдебиетінің тақырып аясын кеңейтуге, мазмұн және форма жақтан кемелденіп, биік өреге көтерілуіне елеулі рөл атқарды. Яғни олар ұлы Абайдан өнеге қабылдап назира дәстүрінің ықпалымен сюжет сорабын араб, парсы, үндістан және басқа түркі тілдес ұлттардың халық ауыз әдебиетінен классикалық шығармаларынан алып, оны қазақ жолмен жырлады. Сөйтіп, назиралық әдеби тәсіл мен маңықтың негізгі жанры болған қиссалар сол тұста халық арасына өте кең тарап, дами түсті. Неше ондаған жеке қиссалар таралды. «Бақтиярдың қырық бұтағы», «Тотының тоқсан тарауы», «Қырық уәзір» сықылды көп сюжетті, тоғыспалы кесек жырлар да жырланды.

«Қиссалар XVIII-XIX ғасырларда ауызша ғана емес, қол жазба күйінде, кейінірек баспа сөзде жарияланып кітап түрінде таралған. Сондықтан жұрт оны «Өлең кітап» деп те атаған. Халық қисса шығаратын, яки оны жырлайтын ақындарды «қиссагер» деп атаған. XIX ғ.–XX ғасырдың алғашқы жартысында қиссагерлікте сауатты халық ақындары көп еңбектенді. Олар көптеп хатқа түсіріп, баспада жариялап отырды. Бұл іске жай халық ақындары ғана емес, ықпалды жазба ақындар да араласты, соған байланысты қисса жанрының қазақ әдебиеті тарихындағы орны жоғарылады. Кейбір әдебиеттанушы-ғалымдар қисса жанры таяу қазіргі заманғы қазақ әдебиеті тарихында маңызды орында тұрады, ол XVIII-XIX ғасырлардағы жалпы қазақ әдебиеті жасампаздығындағы үш негізгі саланың бірі болып қалыптасты деп есептейді [3].

Қисса жанры қазақ әдебиетінде сонау ертеден тартып пайда болып, жалпыласқанымен, еліміз қазақтарында оның кең өрістеуі, көптеп жырлануы, таралуы, баспада басылуы, жан-жақтылы кемелденіп, озық өреге көтерілуі XIX ғасырдың соңғы жартысы мен XX ғасырдың алғашқы жартысындағы кезең болды. Бұл дәуірдегі қазақ жазба ақындарының бәрі дерлік назиралық жолмен қисса жазып, бұл жанрдың өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосты. Әсіресе Жүсіпбекқожа Шайхысыламулы, Әсет Найманбайұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Әріпжан Жанұзақұлы қатарлы ақындардың еңбегі зор.

Бұл дәуірдегі ақындар назиралық үлгімен қисса жазу дәстүрін кең жалпыластырып, оны бір түрлі шығармашылық тәсіліне айландырған. Өздерінің ақындық атағын жұртқа әйгілеуде назиралық үлгімен қисса жазуды ақындық өнердің үлкен өлшемі деп білген. Бұның өзі қисса жанрының дамып, кең өрістеуіне, таратылуына ықпал етті. Ақындар көптеген қиссаларды назиралық жолмен өздері жазып таратса, кейбіреулерін баспа сөзде жариялады. Тіпті бұрыннан халық арасында бар қиссаларды да жинап, реттеп, жырлап ел арасына қайталай кең таралуына себепші болды. Мәселен, «Ел ішіндегі қарттардың айтуынша: «Бақтияр» және оның «Қырық бұтағын» Шыңжаң қазақтарына көп таратқан ақын-жыршылардың бірі Әріпжан Жанұзақұлы сияқты. Әріпжан ақын 1940 жылдардың басында Тарбағатайда қайтыс болады. Әріпжан қырық бұтақты түгел білген, үзбей жырлағанда бір айдан артық уақытқа созылады екен. Әріпжан бұл қиссаны өз әкесі Жанұзақтан жаттаған. Ал Жанұзақ ақын бұл қиссаны өзінен бұрынғы ақындардан жаттады ма, я болмаса өз жанынан жырлаған ба, бұл жағы анық емес [4]. Бұл қиссалар ақындар жағынан қайталай жырлануы, таралуы барысында мазмұн және форма жағынан үлкен өзгерістерге ұшыраған. Яғни қазақтың тұрмыс-салтына, эстетикалық талғамына, ұлттық психикасына, көркемдік дәстүріне бейімдеп, жырлаған. Қайталай жырлану барысында қиссалардың ұлттық бояуы ажарлана түскен. Өйткені ақындар оны қазақиластырғанда ондағы оқиға, кейіпкерлерден тартып — бәрі-бәрі де қазақтың сахарасындағы

өмір шындығына ыңғайланған. Солай бейімдей, соған сәйкестіре жырлаған. «Ондағы адамдар қазақ психологиясында жасалған. Олар барлық іс-әрекетінде қазақша қимылдайды, қазақша ойлайды, сөйлегенде де қазақтың сөйлем орамы, сөз кестесі бойынша сөз саптайды. Ұлттық салт жақтарында онда қазақтың алты алашы шақырылып, қазақтың алты қанат ақ ордалары тігіліп, ақсарбас айтылып сойылып, ұлан-асыр жомарт той болып жатады. Қонаққа ет атпен тартылады. Дүрілдетіп домбыра шертіледі. Шілдехана өткізіледі. Өлең айтысады. Балуан күреседі. Теңге ілу және сөлкебай ату, қызқуар, ақсүйек, алтыбақан секілді қазақ ойындары ойналады. Ат бәйгесі болады. Құдаларға құйрық-бауыр асатылады. Өлгенге жоқтау айтылып, ас беріледі. Жөн-жосықты бұзғандарға қазақ жолымен айып салынады. Ел басына, ауыл ақсақалдарына сыбаға сақталады, тарту беріледі. Сыбызғы, қобыз ойналады. Қазақ билері биледі. Ит жүгіртіп, құс салынады. Жар-жар, беташар айтылады. Мұндай қиссаларды оқып отырғанда әсте шеттен келген деп сезінбейсің, қайта қазақтың ата-бабалары кезінде Бағдат, Мысыр, Шам қалаларында дәурен сүргендей, араб, парсы, түрік тілдерін де тұтынғандай түсінесің [5].

Бізде қазақ жазба әдебиеті XIX ғасырдың екінші жарымынан XX ғасырдың бас шеніне дейін қалыптасты. Ұлы ақын Абай жасампаздығының ықпалын қабылдай отырып, өзіндік арнада өрістеді. Таяу заманнан бергі жазба әдебиеттің басты белгілерінің бірі туындыны баспасөзде жариялау болса, бұл дәуірде Қытайда қазақша баспасөздің қалыптаса қоймағанын айту керек. Сол себептен бұл тұста ақын, қиссагер, әдебиетшілер туындыларының баспасөзде жарияланғандары санаулы ғана еді. Қисса-дастандардың бір бөлегі және кейбір шежіре кітаптар қолжазба күйінде таралды. Ал әдеби туындылардың дені ауызша таралды және сақталды. Бұл дәуірде ең алғаш баспа сөзде кітабы шыққандар ғұлама ақын Ақыт Үлімжіұлы мен Жүсіпбекқожа Шайқысыламұлы болды. Олардың көптеген қиссалары кезіндегі Қазан, Уфа қалаларының баспаларынан шықты. Шетелде басылғанымен бұл екі ғұлама ақын шығармаларының баспадан шығуы Қытайдағы қазақ жазба әдебиетінің қалыптаса бастағанын анық аңғартты. Жазба әдебиет дегенде хатқа түсірілген, қағазға жазылған туындылар да қамтылуға тиісті. Осы тұрғыдан айтқанда бұл дәуірде бізде қазақ жазба әдебиеті едәуір жалпыласты деуге болады.

Жазба әдебиетіміз XX ғасырдың 20–40-жылдарында бұрынғыдан әрі мазмұн жағынан ілгерілей түсіп әлеуметтік сипат алды. Түр, жанр молайып одан ары дамыды. Бұл дәуірде әйгілі ақын Таңжарық өкілдік еткен ақындар поэзиясы зор әлеуметтік ықпал тудырды, төңкерістік күрестердің ықпалын қабылдады, ескі қоғамның ем қонбайтын дерт-дербездерін әшкерелеумен бірге төңкерістік алға басар идеяны жырлады. Жазба әдебиетімізде төңкерістік идея дәріптеле бастады. Бұл беталыс Таңжарық жасампаздығынан анық бейнеленді. Оның көптеген өлеңдерінде, әсіресе түрме тақырыбындағы шығармаларында кертартпа үстемдікке қарсы күресу зұлымдықты әшкерелеу, халықты есе теңдікке жеткізу дәріптеген. Мұндай әлеуметтік сарындар өзге ақындар поэзиясынан да елеулі орын алды.

Түр, жанр, формасы жөнінен алғанда XIX ғасырдан XX ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі Қытайдағы қазақ әдебиеті өзге ұлттар әдебиетінен әрі шетел қазақ әдебиетінен өзгеше өзіндік ерекшелігімен көзге түседі. Бұл дәуірдегі әдебиетімізде өлең сөз жасампаздығы басым орында тұрды. Бірақ ол жасампаздық ауқым-беталысы, поэзиялық жанрлары жағынан болсын өзінен ілгергі дәуірдегі поэзиядан нәр алып, өзіне тән дәуір ерекшелігін қалыптастырды. Ең алдымен жасампаздығының ықпалын жетілдірді. Түр және өлең өлшемі жағынан жаңаша поэзия арнасына ойысты. Жазба әдебиет құрамы барған сайын молықты. Жалпы алғанда, бұл дәуірдегі әдебиетшілеріміздің дені ұлылы-кішілі ақындар болды. Олар негізінен халық ауыз әдебиетінен үйренді, соның топырағында өсті. Олар, ең алдымен, халық ауыз әдебиеті туындыларын әсіресе халық өлең-жырларын қаршадайынан жаттап, үйреніп, содан нәр қабылдады, шабыт алды, соның бесігінде өсіп-жетілді. Халық ауыз әдебиеті туындыларын, жыр-дастандарды жинаушы, жырлаушы және біртіндеп баспа сөзде жариялаушы болды. Халық ауыз әдебиетінің сюжетін жаңғыртып туынды жаратты. Жүсіпбекқожа Шайқысыламұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Әріпжан Жанұзақұлы, тағы басқалар — міне осы түрдегі әдебиетшілердің типтік өкілі.

Демек, еліміз қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ақындардың үлгі алған үлкен мектебінің бірі — халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа ауысып келген халық ауыз әдебиеті. Халықтың көркемдік ақыл-ойының жемісі саналатын фольклордан нәр-қорек алмаған бірде-бір ақын жоқ десек те болады. Олардың жасампаздығы халық ауыз әдебиетімен тығыз байланысты болды. Ақындар шығармаларында ажарлы айшықтардың ғасырлар сүзгісінен өткен халық поэзиясының үлгі-

өрнегімен ұштасып жатқанын аңғару қиын емес. Десе де, XX ғасырда ғылым мен мәдениет, әдебиеттің дамуына ілесіп, қазақтың поэзия жасампаздығының сипатында өзіндік өзгерістер туылды.

Еліміз таяу заманғы қазақ әдебиетінің тарихы айтыс өнерімен тығыз байланыста болды. Себебі бұл тұстағы Қытайдағы қазақ әдебиетшілерінің негізгі тұлғасы ақындар еді. Ал ақындық жасампаздық пен айтыс дәстүрі тығыз байланысып жатты, бірге туып біте қайнасты. Ол кездерде қазіргідей жазба ақындар мен айтыс ақындарының, ара-жігі ажырамаған еді. XIX ғасырдан XX ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі дәуірдегі еліміз қазақ әдебиетінің тарихын негізінен поэзия тарихы, ақындар жасампаздығының тарихы деуге болады. Ал сол ақындар шығармашылығында айтыс өлеңінің өзіндік орны болды. Поэзия жетекші жанр болған бұл дәуірдегі қазақ әдебиетінің негізгі тұғыр-тұлғасы болған ақын әдебиетшілердің бәрі әуел баста айтыс өнерінің халықтық мектебінен тәлім алған. Айтыс өлеңімен қанаты қатып, бұғанасы бекіген де айтыс ақыны болған, жетіле келе поэзияның әр жанрына құлаш сермегендер еді. Бұлардың шығармашылық табиғатынан қарағанда айтыс поэзиясына соқпай өткендері жоқ дерлік. Олардың ақындық атағының әйгілі болуында тұтас шығармаларының рөл атқарғандығы даусыз, әйтсе де олардың ақындық өнерін ең алдымен елге танытып, даңқын асырған да айтыс өлеңдері болғаны хақ. Сөйтіп, ұлттық әдебиетіміздің өзіндік ерекшелігіне сай айтыскерлік бұл дәуірде таңдаулы дәстүр болып қалыптасқан. Айтыс ақыны болу ақындықтың негізгі белгісі есептелген. Ақындар кезінде талай айтыс түсіп тыңдармандарын тәнті еткен айтыс өлеңдерін қалдырған.

Аталған дәуірде айтыс өнерінің біртіндеп кең таралуы оның тез өсіп-жетілуіне түрткі болды. Поэзияның, айтыс дәстүрінің құнарлы топырағынан нәр алған сахара жұрты айтыс десе делебесі қозып, ішкен асын жерге қоятын болды, айтыс бірте-бірте жалпы жұрт талпынатын өнерге айналды. Сөйтіп, ерте заманда жыраулар, шешендер, билер және халық ақындары өркенін өсірген суырып-салмалық — импровизаторлық өнер әрі сол негізде өрістеген айтыс дәстүрі біздегі қазақ ішінде неғұрлым кең қанат жайды. Қыруар айтыс өлеңдері барлыққа келді. Қорының қомақты болуы сол дәуірде қазақ қауымының ішінде айтыс өнерінің кең өрістеп дамығанын айқындайды. Ақынға «ақын» атағын әперетін ең үлкен байқау айтыс болған. Өзін ақындықпен танытқысы келген әрқандай адам жұртқа танылған мықты ақынмен өнер сынасып, сөз жарыстырған. Халықтың алдында өзінің ақындық қабілетін сынға алған. Егер осы жарыста халық мойындаса, ол жұртқа танылған, ал көптің көңілі толмаса, ақын деп танылмаған. Мұның өзі сол замандағы айтыс дәстүрінің кейбір сипаттарын, яғни халықтық айтыс өнерінің бел ортасында шыңдалатын ақындық таланты бар жастардың қаршадайынан ақындық өнерге ден қоятынын, айтыс десе жарғақ құлағы жастыққа тимей қайда аты шыққан азулы ақын болса, соны іздеп барып айтысып, жеңістік алуға асығатынын, соған байланысты айтыс өнерінің ру-тайпа, ел-жұрт арасында үлкен беделге ие екенін, жеңістік алған ақынның рулы елінің зор абыройға кенелетінін, мәні жағынан алғанда, айтыс өнерінің жай эстетикалық талғам өресінен асып, әлеуметтік байланысқа, ел-жұрттың қарым-қатынасқа, ар-намысына, тіпті ақындардың тағдырына елеулі ықпал ететінін аңғартады.

Бұл дәуірде жалпы кәделі бас қосудың бәрі дерлік айтыссыз өтпеген, айтыс өлеңдердегі деректерге қарағанда, ол кезде ел ішіндегі салт-жора, ас-той, жәрмеңке-жиылыс, шілдеhana, қомақты қонағасы — отырыстардың бәрінде айтыс негізгі көңілашар, өнер жарысы болған. Бір ауыл-аймақтан бірер мықты айтыс ақыны өсіп жетілсе, сол өңірдегі өлең ошағы мен айтыс өнерінің оты маздаған. Осыдан болар XIX ғасырдың соңғы жартысынан бастап, ақындар айтысы халық арасында шұғыл өрлеуге көтеріліп, бір топ адуын айтыскерлерді тудырған. Әсет Найманбайұлы, Жүсіпбекқожа Шайхысыламұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Асылхан Мыңжасарұлы, Отарбай Дүйсенбіұлы, Шарғын Алғазыұлы, Кәрібай Таңатарұлы, Аппақ Майтабанқызы, Мағауиа Орысбайқызы, тағы басқалар қатарлы екпініне ел көтеріліп, жүйрік ойлы арынды айтыс ақындары арт-артынан көзге түскен. Ел айызын қандыратын, күнді түнге жалғап айтыс бәсекесін оздыратын, бұқаралық сипаты күшті көркем өнеріміздің шоқтығы биік жанры болып қалыптасқан және дамыған.

Арнау өлең жасампаздығы еліміз таяу заман ақындарындағы тағы бір түрлі әдеби ауқым болып, ақындар қоғамға, болмысқа, небір жекеге болған көзқарасын, тұрғы танымдарын бейнелеуде арнау өлеңдердің алуан түрін пайдаланған. Сол арқылы да өз тұсындағы қоғамның сан-алуан қайшылығын, шынайы бет-бейнесін, қараңғы, жақтары мен жағымсыз мінез-құлықтарды, тоғышарлықты әшкерелеп діттеген мақсаттарына жетіп отырған. Демек, арғы тарихы халық ауыз әдебиетінен бастау алған арнау өлеңдер еліміз таяу, қазіргі заман қазақ поэзиясының тағы бір арнасы болып қосылған.

Міне, осындай құнарлы топырақтан өсіп-өнген арнау өлеңдерінің еліміз таяу заман қазақ поэзиясының үлкен бір арнасы болғандығын ұлы Абайдан тікелей ақындық тәлім қабылдаған

Шыңжаң қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлғалар Ақыт, Әсет, Таңжарық, Көдек, Асылқан, Отарбай, тағы басқа ақындардың туындылары дәлелдей түседі. Бұл дәуірде шағын, қысқа өлеңдер шоғырындағы арнау жырлары қорының қомақты болуына қарамай, аса икемді бір поэзиялық жанр ретінде тұлғаланды.

Бұл дәуірдегі ақын туындыларының бір бөлімі баспа сөзде жарияланды. Бірақ 1930 жылдардың екінші жарымынан ілгергі дәуірде баспасөзде жарияланғандары тым көп емес. Олардың туындыларының бір бөлімі қолжазба күйінде, тағы бір бөлігі ауызша таралды. Мұндай шығармалар бертінде ел аузынан жазып алынды. Бір талайының бірнеше нұсқасы (варианты) сақталған. Кейбір шығармалар текстологиялық тұрғыдан әлі зерттелу үстінде. Авторының кім екені немесе қайсы нұсқасының түпнұсқа екені әлі күнге дейін дүдәмәл, мұның өзі осы дәуірдегі әдебиет жасампаздығы халық ауыз әдебиеті ықпалынан арылып кете алмағанын бір қырынан сипаттайды.

Бұл дәуірде әдебиетімізде кейбір оқиғаларды, ел-жұрттың, ақындар мен авторлардың өз басынан кешірген оқиғаларын баяндайтын жыр тобы пайда болды. Мұны өз тұсындағы әлеуметтік өмірдің тарихи туындысы десе де болады. Мұндай топаны мол, формасы да алуан түрлі, белгілі нақ оқиғаны толық қамтып, дастан түрінде ұзақ жырланғандары да, келте қайырып, қысқаша жырланғандары да кезігеді. Бірақ олардың бәріне ортақ бір ерекшелік — өз тұсында ақынға ерекше әсер еткен және ел-жұрттың басынан өткен аянышты оқиғалар, ақынның сол жөніндегі ой толғанысты жырланады. Онда оқиға, адам, оқиғаның туылған орны, уақыты, нәтижесі, автордың көңіл-күйі өңдеп әрлеуден өткізілмейді, негізінен өзгеріссіз жырланады. Өйткені ақындар өз ойын қара сөзбен баяндағаннан гөрі, өлең сөзбен жырлағанды абзал көретін. Жұрт ішінде өлең-жырды естіген жерден құйма құлақ өлеңші ақындар көп болған. Поэзия кең қанат жайған ортадан мұндай өлең-жыр кең таралатын әрі ықпал тудыратын.

Қытай таяу заман қазақ әдебиетіндегі эпикалық шығармалардың ендігі бір шоғыры суреттелетін оқиға негізінен өзі өмір сүрген орта, қазақ қоғамына тән тіршілік көрінісінен алынып, дәуір шындығы бейнеленетін немесе халықтың ілгерінді-кейінді өмірін суреттейтін шығармалар, басқаша айтқанда, халық басынан өткен тарихи оқиғаға, жеке тұлғаларға арналған я белгілі кезеңде болуы мүмкін шындық негізінде жазылған, кейде тіпті ақынның өз тағдырына қатысты жайлар да орайластырып жырланатын туындылар болып табылады. Яғни, аталған дәуірдегі еліміз қазақ жазба әдебиетінде дастан жанры да қарыштап дамыды. Сол тұстағы ақындар идеялық мазмұн, көркемдік өресі жағынан шұрайлы дастандар жазып, жазба әдебиетіміздің тақырып аясын кеңейтіп, көркемдік арнасын молайтуға үлкен үлес қосты.

Бұл дәуірде жазылған дастандардың бір тобында ерте кездегі, сонау қазақ хандықтары дәуіріндегі кейбір тарихи оқиғалар баяндалса, кейбіреуінде дастанға арқау болған оқиға бертінгі дәуірден, тіпті ақын өмір сүрген заманнан алынады. Енді бір бөлім дастандардың туылуына қазақ арасында тарап жүрген белгілі бір хикаяя яки аңыз себепші болған. Тарихтан белгілі кейбір тарихи тұлғалар да дастандарға арқау болады. Бір бөлім дастандар қиялдық, аңыздық сипаты басым болып, романтикалық түске ие болса, көбінің оқиғалығы шындық өмірге жақын, яғни, реалистік сипаты басым келеді. Кейде асқақ романтизм мен реализм тығыз ұштасып жатады. Кейбірінің мазмұны ғашықтыққа құрылып, ескі неке түзіміне қарсы тұрып, әйел теңдігі, жастардың махаббат еркіндігі дәріптеліп жатса, кейбірі батырлық хикаяға құрылып, ерлік рух жырланады. Мейлі қайсысы болсын бәрінде де ұлттық салт-сана, ғұрып-әдет, жора-жосындар, яғни ұлттық ерекшелік, айқын көрініс тауып жатады.

Бұл дәуірде әдебиеттің тақырып өрісі кеңейді, мазмұн-мәнері жаңаланды. Жалпы әдебиет жасампаздық ауқымы біртіндеп сыншыл реализм арнасына ойысты. Мадақ-марапат жырлары азайып, сын әшкерелеу көбейді, өмірдегі әлеуметтік теңсіздіктерге наразылық күшейді. Кейбір шығармаларда заман ауқымының індеттері мен кереғарлығы әшкере айыпталып отырды. XIX ғасырдың II-жартысында туылған аумалы-төкпелі, зобалаң жағдайлардың салдарынан Алтай, Тарбағатай жерінде қазақ жұртшылығында басқа өңірлерге ауа көшу арқылы ауыр алман-салықтан қашу, жергілікті билеушілердің баса билеуі мен жолсыз жазалауына қарсыласу жайттары күшейді. Ауған елдің ұзаққа созылған аумалы-төкпелі өмірі жөнінде көптеген өлең-жыр және дастандар туындаған. Бұл топтағы шығармаларда сол елдің тартқан тауқыметі мен азапты, ауыр кешулері, мұң мен наласы бейнеленумен бірге, кіндік кесіп, кір жуған жерге деген сағыныш, қимастық сезім, күніренген көңіл-күй кестеленген. Мұндай мұңды, зарлы зар-заман әуендердің бір тобы «жер-су өлеңі» болып қалыптасқан. Ауған елдің атамекенін аңсауынан туындаған бұл секілді сағыныш жырларында жер

мен судың көркем табиғаты мен мән-жайы, өзгеше бітім-болмысы ақынның еміренген сағынышты сезімімен өріле біртұтас суреттеледі.

Біз сөз еткен кезеңде еліміз қазақ поэзиясында табиғат лирикасы негізгі сарын болмағанымен, табиғат ана өскен ортаның құбылыс-көріністері ақындарды әсерлендірмей қоймаған. Еліміз таяу заман қазақ табиғат лирикасының қалыптасып, дамуына негіз салған ақындардың көшбасшысы — Ақыт пен Таңжарық деуге болады. Өйткені Таңжарық, Ақыт поэзиясының көркемдік қуатының өзгешелігі, бейнелеу шеберлігі жағынан дара тұратыны белгілі. Ол нені суреттесе де, көз алдыға келетіндей сурет салуға ұмтылады. Оның суреткерлігі, немесе бұл тақырыптағы табысы, табиғат лирикаларынан да көрініс табады.

Қазақ халқы — табиғатпен егіз, етене халық. Сонау ықылым заманнан тартып сахараның салқын самалын жұтып, таңғажайып табиғатын қызықтап, оның ішкі қыры мен сырына терең үніле білген, көркемдікке барлау қабілеті бар халық. Кезінде М.Әуезовтің: «...Кең далада, еркін ауада сайран қылып, жер мен көк, су мен ағаш, тау мен тастың тамаша сырларымен бірге туысып, біте қайнап, басы бос, қиялы күшті, бұлғақтап жүрген дүниенің бір ерке баласы», — деп жазғанындай, Қытайдағы қазақ әдебиетінде басқаларға ұқсамайтын сезімталдықпен табиғат көрінісін бейнелеген Таңжарық десек, артық болмас [6]. Рас, бай халық әдебиетімізде жер-суға арналған өлеңдер, табиғат суреттері баршылық. Таңжарық та осыдан нәр алған, бірақ сезім бояуы ұқсамайды.

Ақындық қарымы мен дарыны, көркемдік қуатының келістілігі жағынан тартымды туындылар берген ақындар өз өлеңдерінде көркемдікке ұмтылды, өлең жазудағы Абай талаптарына талпынды. Жатық тіркес, шымыр ұйқас құруға, ажарлы сөзбен бейнелеуге, шырайлы шумақ жасауға, осылардың бәрін үйлестіре келіп, ой салар, жүрек тербер көркем поэзия тудыруға тырысты. Олар белгілі дәрежеде Абай бастаған қазақтың жаңа жазба әдебиетіндегі көркем үлгіні басшылыққа алды. Табиғат көріністерін беруде, жер-су, тау-дала, қоршаған ортаны, өмір құбылыстарын суреттеуде алдыңғы буынға көз салды, ізденді, солармен үндесетін азды-көпті туындылар берді. Алайда ақындар поэзиясында өздерінің бойына бала кезінен сіңген халықтық сипат, ұлттық дәстүрдегі көркемдік үлгі басым байқалатыны шындық.

Еліміздегі қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ақындарға ұлы Абайдың да әсер-ықпалы аз болмаған. Өйткені XX ғасырдың алғашқы жарымында Абай мұрасының идеялық-эстетикалық терең мәні Қытайдағы қазақ әдебиетшілерінің де үлгі-өнегесіне айналған-ды. Біріншіден, Абай шығармалары қалың қауымға рухани нәр берсе, екіншіден, ақындықты мұрат еткен өнер иелерінің адастырмас темір қазығы болды.

«Абай қазақтың жаңа реалистік жазбаша поэзиясының, әдебиетінің негізін салды. Абайдың ақындық дарыны аса қуатты және сан қырлы. Ол — керемет суреткер ақын және сыршыл лириканың сирек кездесетін шебері. Сонымен бірге біз Абайды ойшыл ақын дейміз. Мұны алдымен ақынның өмір құбылыстарын терең толғау жағы басым келетін өлеңдеріне қатысты айтсақ, сонымен қатар өмір, адам тағдыры, дүние, заман ағымы жайлы пікірлері, дүниетанымы көбірек көрінетін өлеңдеріне қатысты, яғни ойшыл-философ ақын деген мағынада айтамыз» — деп, академик Заки Ахметов ұлы дарынға үлкен баға береді де: «Ақын тұлғасы қаншалықты ірі болса, ықпалы соншалықты зор болатыны, айналасына түсетін жарығы да мол болатыны анық, — деген тұжырым жасайды» [7].

Абай еліміз қазақ әдебиетшілеріне де «жарығын түсіргені» белгілі. Өйткені ұлы Мұхтар Әуезовтің «Абай — қазақтағы суретті, сұлу сөздің атасы, тереңге сырлы, кең мағыналы кестелі өлеңнің атасы. Қазақ өлеңіне өрнек берген, түрін көбейтіп, қалыбын молайтқан Абай. Ол қазақтың ішінен оқушы тапқан», — деп айтқанындай, Абайдың XIX ғасырдың соңынан бері еліміз қазақ әдебиетінде де «оқушылары» болғанын Абай дәстүрін жалғастырушы ақындар дәлелдейді, яғни еліміз таяу заманғы қазақ ақындары Абайдан үлгі қабылдап, мұндағы жазба әдебиетіміздің тақырып аясын кеңейтуге, көркемдік өресін жоғары көтеруге, мазмұны мен формасының жаңалануына игі ықпалын тигізді [8].

Қытайдағы таяу заман қазақ әдебиетіндегі ақындар тақыр жерден пайда болған жоқ. Тағылым алар, тағылым берер алды-арты, ақындық айналасы болды. Олар бірімен-бірі ілесе, қатарласа шығып, бір бағытта, бір мақсатта қалам тартып, әдеби орта қалыптастырды. Қалай дегенмен де, ықпалдастық райдағы ақындық орта жасады. Осы ретте біз сөз етіп отырған Таңжарық, Ақыт, Шылбы, Асылхан, Көдек, Досбер, Шарғын қатарлы ақындар шығармашылығындағы үндестік негізінен ағартушылық идеяның дамуы мен әлеуметтік сарынның көріну бағыттарында тоғысады. Ағартушылық идея да, әлеуметтік сарынның көрінуі де барлық ақынның шығармашылығына тән болғанымен, олардың бір

тобы ағартушылық бағытта басымырақ қалам тербесе, екіншілері әлеуметтік мәселені көбірек қозғаған өлеңдер жазды. Бұл орайда Ақыт, Шылбы, Шарғын сынды ақындар ағартушылық идеяның дамуына барынша үлес қосып, басымдылық танытса, Асылхан, Көдек, Досберлердің шығармаларында әлеуметтік сарын молынан көрінеді. Ал Таңжарық шығармаларында бұл айтылған мәселелердің қай-қайсысы да ашықтау көрініп, жетілдіріле түседі. Әрине, шығармалары талданып отырған ақындар тек осы шеңбер аясында ғана өлең тудырды деген түсінік болмау керек. Біздің бөліп қарап отырғанымыз — белгілі кезең әсерінде туған әдебиетті жүйелеп көрсету мақсатындағы айтылған ой. Әйтпесе бұл ақындар азды-көпті болса да алуан түрлі тақырыпта қалам тартқаны белгілі.

Қорыта айтқанда, еліміз таяу заман қазақ әдебиетінің қалыптасып, даму жолында қалам тартқан ақындардың кемелденіп, рухани жетілуіне тірек болған, үлгі-өнеге алған тәлімдік мектебі, сусындап нәр алған қайнар үш бұлақ көзді айтқан орынды. Оның бірішісі, халықтық бай фольклор, екіншісі, шығыс әдебиеті. Үшіншісі, Абай мұрасы. Әсіресе халық әдебиетінің сан ғасырлық өшпес өрнек-үлгісіне сүйенуі ақындар шығармаларына ерекше ажар ашып бергендігін көреміз. Шығыс әдебиетінің де ғибрат тағылымы, үйретер үлгісі аз болмаған болса, Абай үлгісімен өлеңдер дестесін жазған. Оның даналық жолын жалғастырып, өлмес өлеңдерін көптеп таратқан. Шығармаларын өнеге тұтқан. Сонымен кезінде Абай үні еліміздегі қазақ қауымына да кең тараған, өнер иелеріне нәр беріп ұстаздық еткен [9].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мәсімханұлы Д. Сарап. — Астана: Елорда, 2001. — 238-б.
- 2 Қазақ әдебиетінің тарихы. — 3-кіт. — Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2003. — 3–5-б.
- 3 Қазақ әдебиетінің тарихы. — 1-кіт. — Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2002. — 622-б.
- 4 Мыңжани Н. Қазақтың халық киссасы — «Бақтияр» және оның «қырық бұтағы» жайында // Қазақ ауыз әдебиеті туралы пайымдаулар. — Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1984. — 757 б.
- 5 Егеубаев О. Қазақ халық дастандары туралы // Қазақ ауыз әдебиеті туралы пайымдаулар. — Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1984. — 138-б.
- 6 Әуезов М. Абай тағылымы // Абай. — 1995. — № 1, 2. — 140-б.
- 7 Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. — Алматы: Ана тілі, 1995. — 245-б.
- 8 Әуезов М. Әдебиет тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 230-б.
- 9 Сейітжанұлы З. Шыңжаң қазақ әдебиеті. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1999. — 87–96-б.

Чи Шаубин, С.Ысқақұлы

Формирование и процесс развития современной казахской литературы в Китае

На примере литературы XIX в. – первой половины XX в.

В статье формирование и процесс развития современной казахской литературы в Китае рассмотрены в единстве с политико-социальными условиями, культурным бытом народа. Автором изучены вопросы становления казахской литературы рассматриваемой эпохи. Отмечено, что совершенствованию творчества поэтов, их духовному созреванию помогали народный фольклор, восточная литература и наследие Абая. История развития современной казахской литературы находится также в тесной связи с таким народным творчеством, как айтыс. Определено, что поэты эпохи вышли на творческую арену одновременно, целенаправленно формировали национальную литературную среду, благодаря чему круг литературной тематики был расширен, а содержание и стили обновилась. Сделан вывод о том, что китайская казахская литература по своим видам, жанрам и формам с XIX века до первой половины XX века притягивает взоры исследователей своеобразной региональной особенностью.

Chi Zhaubin, S.Iskakuly

The formation and development of Kazakh literature of the near period in China

For example, the literature of the XIX century – first half of XX century

In the article the formation and development of Kazakh literature of the near era in China are considered in the unity with political and social conditions, cultural life of the people of China at that time. The author of the article covers the establishment of Kazakh literature of the of near era, improving of poets creativity in the way of development, as they contribute to the spiritual maturation of the so-called three great schools: a rich folklore, the Eastern literature, heritage of Abai. The article also considers the history of Kazakh literature of the near age in close contact with the art of aitys, as aitys mastery in this era was the chosen tradition; as dedication verses creation by poets of that time has been transformed into a kind of literary range. The author gives a judgment on how the poets of this era came into the arena at the simultaneously, accompanied each other in one direction, purposefully formed the literary environment, so the circle of subjects of literature has been expanded and contents and styles were renewed. The author of the article concludes that the Chinese and Kazakh literature in its forms, genres and forms with the nineteenth century until the first half of the twentieth century, attracts attention by its peculiar regional characteristics.

References

- 1 Masimkhanuly D. *Sarap*, Astana: Elorda, 2001, 238 p.
- 2 *History of Kazakh literature*, 3-rd book, Urumchi: Shynzhan', 2003, p. 3–5.
- 3 *History of Kazakh literature*, 1-rd book, Urumchi: Shynzhan', 2002, p. 605.
- 4 Mynzhani N. *Kazakh auyz adebiety turaly paimdaylar*, 1984, p. 622.
- 5 Egeubaev O. *Kazakh auyz adebiety turaly paimdaylar*, 1984, p. 138.
- 6 Auezov M. *Abay*, 1995, 1, 2, 140 p.
- 7 Akhmetov Z. *Abay's Poetical world*, Almaty: Ana tili, 1995, 245 p.
- 8 Auezov M. *Literature history*, Almaty: Ana tili, 1991, 230 p.
- 9 Seytzhanyly Z. *Kazakh literature in Shinzhan'*, Almaty: Kazakh university publ., 1999, p. 87–96.